



М.Н. Ергешбаевты тағайындау туралы
2026 жылғы 08 мамыр

Мұрат Нәлқожаұлы Ергешбаев Қызылорда облысының әкімі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті **Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 8 мамыр
№1271



**МҰРАТ НӘЛҚОЖАҰЛЫ
ЕРГЕШБАЕВ**

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен Қызылорда облысының әкімі лауазымына Ергешбаев Мұрат Нәлқожаұлы тағайындалды.

Ергешбаев Мұрат Нәлқожаұлы Қызылорда облысында туған. Алматы халық шаруашылығы институтын, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясын бітірген.

Еңбек жолын 1989 жылы Сырдария ауданының Жамбыл ауылында экономист болып бастаған. Аудандық өнеркәсіптік бірлестігінде, қаржы құрылымдарында басшылық қызмет атқарған.

Қызылорда облысы әкімі орынбасарының кеңесшісі, облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы бастығының орынбасары, қалалық қаржы бөлімінің бастығы, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі «Өрт сөндіруші» АҚ-ның экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті болған.

Қызылорда қаласының әкімі, облыстық қаржы басқармасының бастығы, Қармақты ауданының әкімі, Шиелі ауданының әкімі, ҚР Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылар құқықтарын қорғау комитеті Алматы қаласы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының орынбасары, «ҚазАгроӨнім» АҚ аппарат басшысы, облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы, Қазалы ауданының әкімі, Сырдария ауданының әкімі қызметтерін атқарған.

2023 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінің VIII шақырылымына Қызылорда облысының атынан депутат болып сайланды.

**СЫР ӨНІРІНІҢ
ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫ –
ЖАҢА ДЕНГЕЙДЕ**



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Премьер-министр Қызылорда облысы мәслихаты депутаттарының жиналысына қатысты.

Жиында Мемлекет басшысының Қызылорда облысының әкімі лауазымына екі кандидатты: Ардақ Зебешев және Мұрат Ергешбаевты ұсыну туралы хаты оқылды. Ашық дауыс беру нәтижесі бойынша 81% депутат Мұрат Ергешбаевтың кандидатурасын қолдады. 19% депутат Ардақ Зебешевке дауыс берді.

ҚР Президентінің тиісті Жарлығымен Қызылорда облысының әкімі болып Мұрат Ергешбаев тағайындалды.

2-БЕТТЕ



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

9 мамыр
сенбі
№34 (2246)
2026 ЖЫЛ

апталығы

**МЫҢ ТАҒЗЫМ,
МАЙДАНГЕРЛЕРГЕ!**



Ертен – Жеңіс күні. Бұл ел тарихындағы ең бір қасиетті жылдарды еске алуымызбен, сол жылдардың қара нар көтере алмас ауырталығын арқалаған, сол жылдарда шейіт болған аға ұрпаққа тағзым етуімізбен, бейбіт заман, ашық аспанға шүкіршілік етумен аталып өтетін мұңды да, мәнді күн. Бұл күні Тағзым алаңына гүл шоғын қойып, сол бір сұрапыл жылдарда кеудесін оққа төсеген қайран ерлерге, арманда кеткен боздақтарға тағзым етеміз. Жылдар бойы, тіпті өмір бойы соғысқа аттанған ұлының, жарының жолын тосып, ошақ отын өшірмейтін ұмыр кешкен асыл аналарға мың тағзым дейміз.

2-БЕТТЕ

СЕН ҚҰРМЕТТЕ, ОНЫ!

9 мамыр – Жеңіс күніне орай елімізде екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері мен оларға теңестірілген азаматтарға біржолғы әлеуметтік төлем қарастырылған.

Сыр өңірінде бүгінде бір ғана соғыс ардагері қалды. Майдангерге 5501400 теңге көлемінде біржолғы әлеуметтік көмек қарастырылған. Өңірде соғыс жылдарының ауырталығын көтерген азаматтар аз емес. Атап айтқанда, облыста

теңестірілген 1338 ардагер бар. Жеңіс мерекесіне орай, тылдағы жанқиярлық еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған ардагерге 60 АЕК; соғыста қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне, өмірден озған соғыс мүгедектерінің жұбайларына 50 АЕК; 1941–1945 жылдары тылда кезінде алты ай еңбек еткен азаматтарға – 50 АЕК және мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарының, оның ішінде Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға, Ауғанстан соғысына, Тәжік-ауған соғысына, Таулы қарабахтағы этносаралық қақтығыстарға, Ирактағы халықаралық бітімгершілікке қатысқан, Совет Армиясының мүгедектеріне 50 АЕК мөлшерінде төлем қарастырылған.

Бұл – бейбіт өмір үшін жан қиған, от кешкен ерлерге деген құрметтің бір көрінісі ғана. «Ер етігімен су кешкен» сол бір зұлмат жылдардың батырларын қалай құрметтесек те артық емес.

А.АЙТЖАНОВА



«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының дерегі бойынша елімізде биыл 83 соғыс ардагері мемлекеттік төлем алады. Олардың 69-ы – соғыс ардагерлері, 14-і – соғыс мүгедектері. Бүгінде кейбір өңірлерде соғыс ардагерлері қалмаған. Ал көзі тірі ардагері бар аймақтарда төлем көлемі әртүрлі: 1,5 млн теңгеден басталып, кей өңірлерде 5,5 млн теңгеге дейін жетеді.

1331 тыл ардагері, 402 екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне теңестірілген азамат, 331 соғыс ардагерінің жесірі бар.

**СЕНІМ ЖӘНЕ
ЖАУАПКЕРШІЛІК**

6 мамыр күні Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындалған Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаев Мемлекет басшысының сенімі мен тілекші болған Сыр жұртшылығына шынайы алғысы мен ризашылығын білдіріп, әлеуметтік желіге жазба жариялады. Жазба мәтінін ұсынып отырмыз.

Құрметті жерлестер!

Еңбек жолымдағы тағы бір аса жауапты кезең қорытындыланып, Қызылорда облысының әкімі ретіндегі қызметім аяқталды. Төрт жылдан астам уақыт бойы Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына барлық білім-білігімді, күш-жігерімді, тәжірибемді жұмсадым. Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы аймақ тізгінін тапсырғанда, Президентіміздің, жерлестеріміздің сенімін ақтап, туған жерге адал қызмет етуді жауапкершілігі жеңіл емес екенін жақсы түсіндім.

Кейінгі төрт жылда Мемлекет басшымыздың қолдауымен атқарылған жұмыстардың, жүзеге асқан жобалардың, қолға алынған бастамалардың барлығы жұртшылықтың көз алдында. Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Президентіміз «Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда облысы барлық салада қарқынды дамуда. Облыстың жағдайы жақсы деп күмәнсіз айтуға болады», – деп атап өтті.

Осы уақыт аралығында Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен облыс бюджеті жылдан-жылға ұлғайып 809 млрд теңгеге жетті. Даму бюджетінің көлемі 2021 жылғы 47 млрд теңгеден 202 млрд теңгеге дейін артты. Бұл қаражат өңіріміздің ең өзекті мәселелерін шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталды.

Аймақта қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, кейінгі үш жылда өңір экономикасына 1 триллион 600 млрд теңгеге жуық, 2025 жылы 774 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды.

Осылайша Қызылорда облысы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша республикада алдыңғы орындарға шықты. Өңірде өнеркәсібі, құрылыс, инвестиция, инфрақұрылым, кәсіпкерлік, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік сала, ауыл шаруашылығы, мәдениет, спорт және тағы басқа бағыттарда атқарылған жұмыстың нәтижесі Қызылорда қаласының, аудан орталықтары мен елді мекендердің келбетінен анық көрінеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалды. Мұны сенім мен жауапкершілік жүгінің салмағы еселене түскені деп білемін. Ел дамуы жолында атқаратын жұмыстың ауқымы зор. Сондықтан өзіме жүктелген міндетті толық атқаруға бар күшімді саламын.

Туған жерге қызмет етуге, ойға алған жобаларды іске асыруға мүмкіндік берген Президентімізге, әр бастамаға қолдау білдіріп, тілекші болған Сыр жұртшылығына, ортақ іске бір қолдың саласындай болып жұмылған барша әріптестеріме шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін.

СҰХБАТ

Ғалымжан ЖҰМАБАЕВ, ҚР Қорғаныс министрлігі, Тәрбие және идеологиялық жұмыс департаментінің аға офицері, полковник:



**ОТАН ҚОРҒАУ ТЕК
ӘСКЕРІ МІНДЕТ
ЕМЕС,**

ӘР АЗАМАТТЫҢ ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫ

Ел қорғаны – мемлекеттің тұтастығы мен тәуелсіздігін айқындайтын ең қасиетті ұғымдардың бірі. Ұлттық қауіпсіздік мәселесі тек әскери қуатпен ғана емес, ең алдымен елдік сана, отаншыл рух, тәртіп пен жауапкершілік секілді құндылықтармен тығыз байланысты. Қарулы Күштер қатарындағы әрбір әскери қызметші үшін Отанға адал қызмет ету – кәсіби міндет қана емес, азаматтық парыз, ел алдындағы жауапкершілік. Сондықтан әскердегі тәрбие және идеологиялық

жұмыстың мәні жыл өткен сайын тереңдеп, оның мазмұны жаңа уақыт талабына сай жаңғырып келеді. «Бүгінгі таңда әскердегі тек әскери қуатпен ғана емес, ең алдымен елдік сана, отаншыл рух, тәртіп пен жауапкершілік секілді құндылықтармен тығыз байланысты. Қарулы Күштер қатарындағы әрбір әскери қызметші үшін Отанға адал қызмет ету – кәсіби міндет қана емес, азаматтық парыз, ел алдындағы жауапкершілік. Сондықтан әскердегі тәрбие және идеологиялық жұмыс департаментінің аға офицері, полковник Ғалымжан Жұмбаевпен сұхбаттастық.

3-БЕТТЕ

СЫР ӨНІРІНІҢ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫ – ЖАҢА ДЕНГЕЙДЕ

Олжас Бектенов облыс активімен кездесуде Мемлекет басшысының атынан Нұрлыбек Нәлібаевқа өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға қосқан елеулі үлесі үшін алғыс білдірді. Жалпы өңірлік өнім көлемі 4 жылда 2 есеге артып, 3,7 трлн теңгеге жетті. Инвестиция тарту, әлеуметтік маңызды инфрақұрылымды салу және жаңғырту, абаттандыру және басқа да салалар бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Премьер-министр облыс активіне өңірдің жаңа әкімі Мұрат Ерғешбаевты таныстырып, Президенттің Қызылорда облысы басшылығының алдына бірқатар басым міндет қойғанын атап өтті. Бұл – бірінші кезекте Мемлекет басшысының бастамасымен елімізді әрі қарай жаңғыртуға бағытталған, халықтың әлауқатын жақсарту, экономика салаларын әртарапандыру және цифрландыру, инвестиция тарту, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту сынды өзге де басым бағыттарға бағдарланған конституциялық реформаны жүзеге асыру.

– Президенттің бастамасымен елімізде маңызды саяси, әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізілуде. «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасының нәтижелі жүзеге асырылуы осы отырған бәрімізге байланысты екенін айтқым келеді. Мемлекет басшысы Қызылорда облысының дамуын үнемі назарда ұстап

Басы 1-бетте



келеді. Мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық құрылым мен қоғам бірлесіп жұмыс істеуі қажет, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Сонымен қатар Премьер-министр бірқатар тапсырма берді. Өңір басшылығы азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға тікелей әсер ететін маңызды жобалардың тұрақты жұмысын қамтамасыз етуі керек. Президенттің бастамасымен Қызылорда қаласында қуаты 240 МВт болатын жаңа газ ЖЭО-сы салынып, пайдалануға берілді, ол халықтың электр және жылу энергиясына

деген сұранысын толығымен жабуға мүмкіндік береді. Ірі энергетикалық жобаға 215 млрд теңге көлемінде инвестиция салынды.

Сонымен қатар Қызылорда қаласы ыстық сумен қамтамасыз етілді, оған республикалық бюджеттен 26 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді.

АОҚ саласында ауыл шаруашылығы дақылдары көлемін өңтайландыру және су үнемдеу технологияларын енгізу міндеттерінің маңыздылығы атап өтілді.

Кәсіпкерлік белсенділікті қолдау арқылы шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамытуға және олардың өңір экономикасындағы үлесін одан әрі арттыруға назар аударылды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 24,7%-ды құрады.

Сондай-ақ талдау және бюджет қаражатын тиімді жұмсау бойынша тәжірибені жалғастыру қажет. Қызылорда облысында кейінгі 4 жылда әлеуметтік салада 100 млрд теңгеден астам бюджет қаражатының тиімсіз жұмсалынуы тосқауыл қойылды. Үнемделген қаржы халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және жаңа инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бағытталды.

Айта кетейік, актив отырысында Ибрагим Әбібуллаев пен Мұрат Бақтиярұлы сынды қоғам қайраткерлері және Еңбек Ері Абзал Ералиев сөз сөйледі. Ел ағаларының сөзін газетке арнайы беріп отырмыз.

ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ ЕЛ БАСҚАРҒАН ЕРДІҢ ЕҢБЕГІМЕН ӨЛШЕНЕДІ

Құрметті Олжас Абайұлы!
Құрметті активке қатысушылар!

Халқымызда «Елдің ертеңі ел басқарған ердің еңбегімен өлшенеді» деген сөз бар. Шын мәнінде, ел тізгінін ұстаған азаматтың әрбір ісі – халықтың болашағына тікелей әсер ететін жауапты қадам.

Бүгін – өңір тарихында қалатын тағы бір маңызды күн. Мемлекет басшысының Сыр еліне деген ерекше ықыласы мен қолдауын әрқазі сездіңіз келеді. Сол себепті бүгін аймақ басшылығына Президентіңіздің өзі сенім білдірген, осы елдің тыныс-тіршілігімен жақсы таныс азамат Мұрат Нәлібаевтың кандидатурасын толық қолдаймыз.

Жалпы қызылордалықтар елдің дамуына, өркендеуіне бағытталған барлық мемлекеттік бағдарламалар мен бастамаларды қолдап, елдік іске жұмылауда көш басынан табылып келеді.

Бір ғана мысал, Қасым-Жомарт Кемелұлының тікелей бастамасымен қолға алған «Таза Қазақстан» бағдарламасы біздің өңірімізде жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Тіпті бүгінде басқа өңірлерге үлгі болып жүргенімізді естігенде, ерекше мақтанш сезіміміз қалмайды.

«Таза Қазақстан» – бұл жай ұран емес, еліміздің өзекті экологиялық мәселелерін шешуге бағытталған кешенді бағдарлама.

Соңғы жылдары Сыр өңірінде Мемлекет басшысының және Үкіметтің тікелей қолдауымен ауқымды өзгерістер, ірі жобалар жүзеге асты. Осы жылдар ішінде облыста нақты нәтижеге бағытталған кешенді жұмыстар атқарылды.

Инфрақұрылым саласында ірі жобалар жүзеге асып, халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған нақты қадамдар жасалды.

Қызылордалықтардың арманына айналған облыс орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық сумен қамтамасыз ету мәселесі оң шешімін тапты.

Барлық елді мекендер 100 пайыз сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді. Төрт жыл бұрын газданандыру деңгейі 67 пайыз болса, бүгінде 83 пайызға жетті.

Жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті. «Қызылорда – Жезқазған» автомобиль жолының облыс аумағына қарасты бөлігі қайта жаңғыртылды.

Президентіңіздің тапсырмасымен «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің Қызылорда – Ақтөбе бағытындағы жолын төрт жолақты етіп кеңейту жобасының бірінші кезеңі басталды.

«Бейнеу – Сексеуіл» бағыты бойынша жолдың құрылыс жұмыстары да жақын күндері басталады.

Облысымызда тұрғындарымызды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік саясат нәтижелі іске асуда.

Соңғы төрт жылда қаржыландырудың барлық көзінен 3 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді.

Теміржол вокзалдары күрделі жөндеулерден өтті, жаңа автовокзал салынды. Мемлекет басшысының қолдауымен Қорқыт Ата әуежайының жаңа терминалы жеке инвестордың демалушылығымен салынып, ел игілігіне табысталды.

Қорыта айтқанда, Нұрлыбек Машбекулының Қызылорда облысын басқарған кезеңі Президентіңіз бен Үкіметтің тапсырмаларының нәтижелі орындалуының арқасында өңір дамуына үлкен серпін берген, нақты сапамен айқындалған жемісті әрі серпіліс уақыты болды.

Құрметті Нұрлыбек Машбекулы!
Мемлекет басшысымен ендігі кезекте сізге жүктеліп отырған жаңа қызмет аса зор жауапкершілік пен биік сенімнің айғағы.

Осы орайда, алдағы жұмысыңызда ел игілігі жолындағы бастамаларыңызға сәттілік, мемлекет дамуына қосатын үлесіңіз еселеніп арта беруді тілектестік білдіреміз.

Жаңа қызметіңізге талайғы табыс, мықты денсаулық және баянды жетістіктері тілейміз!

Облыс әкімінің қызметіне кіріскелі отырған Мұрат Нәлібаевқа сәттілік тілейміз!

Ибрагим ӘБИУЛЛАЕВ,
еңбек ардагері

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ БОЛУ ДЕГЕНІМІЗ – ӨЗ ТАҒДЫРЫҢНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ТҮГЕЛІМЕН ӨЗ МОЙНЫҒА АЛУ ДЕГЕН СӨЗ

Құрметті Олжас Абайұлы!
Қадірлі жыныға қатысушылар!

Еліміздің тәуелсіздік алғанына 35 жылдан асып бара жатыр. Осы жылдары еліміз бүкіл дүние жүзіне танылып, әлемдік қауымдастықта өз орнын ойып алды. Әрине, жаңа мемлекет құру, оның ішкі-сыртғын бүтіндей оңай шаруа емес екенін барлығымыз жақсы білеміз. Өйткені тәуелсіз ел болу дегеніміз – өз тағдырының жауапкершілігін түгелімен өз мойнына алу деген сөз. Сол себепті, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлем дамуының бүгінгі және болашақтағы тамыр соғысын анықтап, елімізде Конституциялық реформаны жасай отырып, саяси жүйені жетілдіруді бағыт қолға алды. Саяси жүйені жетілдіру баршамызды жанаша ойлауға, жанаша әрекет етуге, елімізді дамыту үшін жаңаша көзқарас қажеттілігін ұғындырып отыр. Президентіміз қазандағы қоғамды адалдық пен әділдік, заң мен тәртіп үстемдік етер жолға салып берді. Біз ендігі арада қоғамда және әрқайсысымыздың санамызда осы адалдық пен әділдік және заң мен тәртіп қағидатының берік орнығуының аса маңызды екендігін ұғына түскеніміз абзал.

Айта кетейік, соңғы төрт жылдың ішінде президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр өңіріне ресми сапармен 3 рет келіп кетті. Әрбір ресми сапары Мемлекет басшысының Сыр қауымына деген құрметі, осы өңірдің дамуын үнемі назарында ұстап, қолдау жүзеге келетінін білдіреді. Өзіңіз де құрметті Олжас Абайұлы, облысқа бірнеше рет келіп, үнемі қолдау жасап келесіз.

Айта кетейік, соңғы төрт жылда Қызылорда облысында 200-ге жуық әлеуметтік нысан іске қосылды. 43 мектеп, балаларға арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық инновациялық орталық, «Құзыреттілік орталығы», 300 орындық балалар тынығу лагері салынды. Денсаулық

сақтау саласында 41 медициналық нысан салына, көпбейінді аурухана, 400, 500 келушіге арналған емхана, перинаталдық орталық құрылысы қарқынды жүреді. Сонымен қатар 24 спорттық нысандар, оның ішінде 11000 орындық жаңа стадион, инклюзивті спорт орталығы пайдалануға берілді. «Қызылорда Арена» спорт кешені салынауда. Мәдениет саласында 22 нысан ел игілігіне іске қосылды. Барлық ауданда «Руханият», қалада «Анаға тағзым», «Өнер орталығы» орталықтары салынды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен заманауи кітапхана мен драма театр құрылысы басталды.

Осыдан төрт жыл бұрын Мемлекет басшысының жарлығымен Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалды. Ол кезде облыстың бюджеті небәрі 346 млрд болса, бүгінгі күні 851 млрд-қа жетті.

Құрметті Нұрлыбек Машбекулы!
Президентіңіздің қойған талабы бойынша әкімдердің бойында ұйымдас-тырушылық қасиет, кез келген мәселе-ні оң шешудегі тапқырлық, ойға алған мақсатын орындамай қоймай-тын табандылық, тәуекелшілдік пен темірдей тәртіп, жанашылдық пен қарапайымдылық, ең бастысы, халық-шылық пен мемлекетшілдік қасиет болу қажет. Осы қасиеттер сіздің бойы-ңыздан табылады.

Тәуелсіздік жылдары облысты сізге дейін тоғыз әкім басқарған екен. Сіз онының болдынып, барлық жасаған жұмыстарыңыздың нәтижесі үнемі оңдыққа тиіп жатты. Мемлекет басшысы өзіңіздің өңірлік тәжірибеніңізді жоғары бағалап, Үкімет басшысының бірінші орынбасары лауазымына тағайындалды. Бұл үлкен сенім, осы өңірде алған мол тәжірибеніңіз сізге көп көмек болатыны сөзсіз. Жаңа қызметіңізге табыс, сәттілік тілейміз! Жаңа әкім Мұрат Нәлібаевқа Мемлекет басшысының және халық-тың сенімінен шыға беріңіз дейміз.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
саяси ғылымдар докторы, мемлекет және қоғам қайраткері

АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕН АЙМАҚТЫҢ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ БАЙҚАЛАДЫ

Құрметті Олжас Абайұлы!
Қадірлі қауым!

Өңірдің өркендеуі – жүйелі жұмыстың, нақты жоспар мен жауапкершіліктің нәтижесі. Осы тұрғыдан алғанда, соңғы төрт жылда Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен Қызылорда облысында ауқымды істер атқарылғаны, аймақтың даму динамикасынан айқын байқалады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өңірлердің дамуына, халықтың тұрмысын жақсартуға барлық мүмкіндіктерді жасап келеді. Сыр жұртшылығы осы қолдаулары үшін Президентіңізге ерекше ризашылығымыз бен алғы-сымызды білдіреміз және өзі сенім артқан, облыс әкімі қызметіне жаңа тағайындалған Мұрат Нәлібаевтың кандидатурасын қолдаймыз. Алдағы уақытта елдің ертеңіне бағытталған барлық бастамаларды бірлесіп жүзеге асыруға сенім білдіреміз.

Қазіргі таңда Қазақстан әлемнің назарын өзіне аударған, барлық саласында тұрақты даму серпіні қалыптасқан елге айналды.

Елімізде жүргізіліп жатқан тиімді бағдарламалар мен Мемлекет басшысының ұтымды страте-гиялық жобаларының игілігін ел көзінде. Барша қызылордалықтар Президентіңіздің әділетті, қуат-ты, Таза Қазақстанды құру жолындағы барлық бастамаларын қолдайды.

Расында, әділеттілік пен заң мен тәртіп үстем құрған қоғамда тұрақты даму, болашаққа деген сенім нық болары сөзсіз.

Осындай маңызды бағыттардың бірі, Президентіңіздің жүргізіп отырған тиімді инвестициялық саясатының арқасында Сыр өңірінде де ірі инвесторларды тарту арқылы ауқымды жобалар жүзеге асырылуда.

2021 жылмен салыстырғанда инвестиция көлемі бүгінде 250 пайызға артты. Өткен жылдың өзінде 27 инвестициялық жоба іске асты.

Озық технологиялармен толық автоматтандырылған – «Қызылорда Саз-М» серіктестігінің кірпіш зауыты, нан, кондитерлік өнімдер шығаратын «Қызылорда нан» зауыты іске қосылды.

Президентіңіздің қолдауымен өңірдегі ең ірі жобаларда қаласында түрік инвесторымен «Акса Energy» жаңа жылу электр орталығы пайдалануға берілді.

Испандық «Рокка групп» компаниясымен санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын жоғары технологиялық зауыттың құрылысы жақын күндері басталады.

Оңтүстік Корея технологиясы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және қалдықтарды қайта пайдалануға бағытталған Мұрат Нәлібаевтың кандидатурасын қолдаймыз. Алдағы уақытта елдің ертеңіне бағытталған барлық бастамаларды бірлесіп жүзеге асыруға сенім білдіреміз.

Жақинда ғана «Харвест Агро» компаниясының агроиндустриалды кластерін құру жобасының бірінші кезеңі іске қосылды.

Президентіңіздің қолдауымен облыстың егін шаруашылығын әртарапандыруға, су ресурстарын үнемдеу технологиясын кеңінен енгізуге алдағы үш жылға 34 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді.

Құрметті жиналған қауым!
Жалпы алғанда, бұл кезең нақты нәтижелермен ерекшеленетін, өңірдің дамуына серпін берген уақыт болды.

Осы атқарылған жұмыстардың заңды жалғасы ретінде Нұрлыбек Машбекулының жаңа жоғары қызметке тағайындалуы – оның еңбегіне берілген әділ баға және үлкен сенімнің көрінісі деп санаймыз.

Алдағы қызметіңізге жауапты міндеттерді абыроймен атқарып, ел игілігі жолында табысты еңбек ете беріңізге тілектестіміз!

Сыр жұртшылығы атынан туған жерді түлетуге жасаған барлық қажырлы еңбегіңізге алғыс білдіреміз!

Абзал ЕРАЛИЕВ,
Қазақстанның Еңбек Ері

240 отбасы баспаналы болды

Халықты баспанамен қамту ісі жыл сайын ілгеріленіп келеді. Жақинда облыс орталығында 240 пәтер пайдалануға берілді. Бұл жолы баспана әлеуметтік осал топқа жататын отбасыларға, оның ішінде көпбалалы аналар мен мүгедектің бар жандарға берілді.

Жаңа пәтерлер Сырдария өзенінің сол жағалауында бой көтерген. Мұнда бес қабатты 6 тұрғын үй ел игілігіне берілді. Тұрғындарға баспана кілтін табыстаған қала әкімі Нұржан Ахатов игілікті іс алдағы уақытта да жалғасын табатынын айтты.



– Президент өз Жолдауында: «Елімізде бірыңғай тұрғын үй саясатын әзірлеу қажет. Негізгі қағидат – тұрғындар, әсіресе, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтар үшін баспана қолжетімділігін арттыру», – деген болатын. Мемлекет басшысының, Үкіметтің тұрақты қолдауының арқасында, облыс әкімінің үйлестіруімен бұл бағыттағы жобалар сәтті жүзеге асырылып келеді.

Бүгін міне, айтулы мереке қарсаңында 6 көпқабатты тұрғын үй кешенін пайдалануға берілді. 4 млрд 500 млн теңгеге салынған бұл кешеннің аумағы 15 600 шаршы метр. Құрылысты Сыр өңірінде талай жылдан бері қолтанбасы қалған мердігер мекемелер салды, – деді қала әкімі.

Айта кетейік, биыл қала тұрғындарын баспанамен қамтуға бюджеттен 58 млрд теңгеге жуық қаржы бөлініп отыр. Бұл қаражатқа 31 көпқабатты үй салынады деген жоспар бар. Оның ішінде 945 пәтер ипотекалық, 1336 пәтер әлеуметтік осал топтарға арналған тұрғын үй болады. Оған қоса заманауи дизайнға жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

Пайдалануға берілген 6 тұрғын үйдің жалпы аумағы 15 мың шаршы метрді құрайды. Мұнда 240 отбасы қоныстануда. Тұрғын үй жанында қажетті инфрақұрылым әлеуметтік және білім беру нысандары орналасқан. Осындай мүмкіндікке пәтер иелері де риза.

– Көпбалалы ана ретінде тіркеліп, үй алдым. 14 жылдан бері күткен үйімнің кілтін қала әкімінің қолынан алып отырмын. Осы уақытқа дейін пәтер жалдап тұрған едім. Енді міне, 3 бөлмелі пәтер кілтін алып отырмын. Қуанышымда шек жоқ, жақын арада осында көшіп келемін, – дейді қала тұрғыны Самал Нұрмышева.

Жыл басынан бері 700-ге жуық қызылордалық баспаналы болғанын айта кетейік. Ал жыл соңына дейін тағы 1581 пәтер пайдалануға беріледі деп жоспарланған.

Д.КЕҢШІЛІК



МЫҢ ТАҒЫМ, МАЙДАНГЕРЛЕРГЕ!

Екінші дүниежүзілік соғыс деген атпен тарих бетінде қалған сұрапыл соғыста жеңісті жақындатуға қазақстандықтардың, оның ішінде сырбойлықтардың үлесі зор. Тарихи деректерге сүйенсек, сұрапыл жылдарда елін қорғауға 150 мың азамат туған жерден аттанды. 30 мыңнан астам қызылордалықтар майдан даласында ерлікпен қаза тапты. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап Қазақстан аумағында әскери бөлімдер мен бөлімшелерді қалыптастыру басталды. 12 атқыштар, 4 кавалериялық дивизия, 7 атқыштар бригадасы, түрлі әскери құрылымдардың 50-ге жуық жеке полк мен батальоны құрылды. Олардың қатарында Мәскеу мен Сталинград

Басы 1-бетте

түбінде ерлікпен шайқасқан Қазалы 35-ші атқыштар теңіз бригадасы бар. Қызылорда облысында әскерге шақырылушылардан ақтөбелік 101-ші атқыштар бригадасы құрылды. Олар Ржев, Великие Лукиде шайқасты. Алматыдағы жаяу әскер әскери училищесінде оқыған 250 қызылордалық Ленинград блокадасының жарылуына қатысты. Бұл соғыста Сыр елінің 22 азаматы Кеңес одағының батыры атанды. Бүгінде Сыр өңірінде бір ғана көзі тірі соғыс ардагері бар. Ғасырдан ұзақ жасау бақыты бұйырған ақсақал Сырдария ауданында, Терезөзек кентінде тұрады. 19 жасында соғысқа аттанған майдангер Омбы қаласында алғашқы әскери дайындықтан өтіп, 1942 жылдың қазан айында майданға

тап келеді. Соғыс жылдарында Сталинградты, Ленинградты, Курскіні, Барановты және Польшаны жаудан азат етуге қатысады. Даншинг портында аяғынан ауыр жараланады. Майдангер Берлинде аяғынан ауыр жаракаттанып, Жеңісті әскери госпитальда жатып естіген. Жаракатының беті бері қараған соң, бірінші топтағы мүгедек болып, елге оралады. Соғыстан кейінгі жылдар да оңай болған жоқ. Қол қусырып отыратын уақыт емес. Жаралы майдангер ел еңесін тіктеу үшін еңбекке араласты. Адал еңбегімен ел дамуына үлес қосты. Бүгінде 100-ден асқан батағай қарияның бір ғана тілегі бар. Ол – елдің тыныштығы.

Г.МАҒЛҰМҚЫЗЫ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



ЖАҢАРҒАН САЯБАҚ ҺӘМ ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР МЕКЕНІ

Қызылорданың көркіне көрік қосқан Президент саябағы бүгінде Сыр жұртшылығының сүйікті демалыс орны. Кешкі уақытта жарқыраған шамдарымен, шолу дөңгелегімен, қызыл-жасыл жазуларымен ерекшеленетін саябақ қала қонақтарының да ерекше ықыласына бөленіп келеді.

Шынымен қапталған заманауи ғимарат ішінде Оңтүстік Америка, Африка, Қытай, Мексика, Жапония және Мадагаскар елдерінің флорасы ұсынылатын тақырыптық бақтар орналастырылады. Келушілер сирек кездесетін тропикалық сәндік пальмалардың бірі – Вашингтония, көне дәуір өсімдігі саналатын дискония, нәзік жапырақты финик робелена пальмасы, сондай-ақ тропикалық банан ағашы, архидея, аләз сынды өсімдіктерді тамашалап қана қоймай, табиғат әлемі туралы танымдық мәліметтер алады. Осылайша, Президент саябағы тек демалыс орны ғана емес, экологиялық тәрбие мен танымдық білім берудің жаңа орталығына айналмақ.

Мақаламызда айтып өткендей, жасыл желек, тропикалық өсімдіктердің қасында саябақ жанында тағы бір маңызды жоба – балалар сауықтыру лагерінің құрылысы қарқынды жүруде. Балалардың сапалы демалысын ұйымдастырып, олардың жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін ғимарат 300 орынға арналған. Мұнда спорт кешені, балалар мен тәрбиешілерге арналған тұрғын блоктар, мәдени-көпшілік іс-шараға арналған «Event place» ғимараты және дәстүрлі киіз үйлер бой көтерген. Құны 9 миллиард 968 миллион теңге болатын лагерьде балалар қосымша білім алып, үйрмелерге қатысып, жазғы демалысын қызықты өткізеді.

Мердігер мекеме өкілі Еламан Тұрсын тынығу лагері жыл бойы жұмыс істейтін, әрбір тұрғын бөлме жеке санитарлық тораппен жабдықталғанын, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы орындар қарастырылғанын айтты.

– Жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беретін спорт залдары, бассейн, робототехника, астрономия кабинеттері, шығармашылық бөлмелер, футбол алаңдары мен воркаут аймақтары қарасты-



2007 жылы пайдалануға берілген демалыс аймағы уақыт талабына сай жаңартылып, жаңа нысандармен толығуда. 510 орынға арналған заманауи академиялық музыкалық-драма театры, оның жанында тәулік бойы жұмыс істейтін президенттік кітапхана, халықаралық деңгейдегі бес жұлдызды «Rixos» қонақ үйі, 200 төсектік перинаталдық орталықтың құрылысы жүріп жатыр. Сонымен қоса саябақ маңында 9 қабатты үйлер салынууда. Жоспар бойынша 15 тұрғын үй салынады.

Жасыл желекке көмкерілген саябақта мерекелік кеш өткізу, отбасымен серуендеу, бүгінде қызылордалықтардың игі дәстүріне айналған Президент саябағы аумағындағы ауқымды жобаның бірі – Ботаникалық білім беру орталығы. Заманауи үлгідегі табиғат пен ғылымды ұштастырған бұл орталық Сыр өңіріндегі экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталған ерекше жоба болмақ. Парк аумағында экзотикалық өсімдіктер бар жабық оранжерея мен білім беру орталығы 4 миллиард 861 миллион теңгеге құрады. Нысан обьектін және қалалық бюджет есебінен қаржыландырылууда. Аумағы 4349 шаршы метр болатын екі қабатты ғимарат құрылысын «Алем Qurylys AQ» ЖШС жүргізіуде.

– Біздің өңір шөлейтті аймақ екені белгілі. Сондықтан да сыр жұртына өсімдіктің сан түрін көрсетіп, өскелең ұрпақтың білімін жетілдіруге

тропикалық аймақтардан әкелінген өсімдіктер үшін тұрақты жылы әрі ылғалды орта сақталса, қоңыржай белдеудің флорасына салқындау температура қарастырылады, – деді жоба инженері Алматы Айдарханов.



Орталықтың бірінші қабатында кең вестибюль, ресепшн, сауда орындары мен қызметтік аймақтар қарастырылған. Негізгі бөлігінде екі ірі тақырыптық бақ орналаса, білім беру аймағында 40 орындық дәріс залы жұмыс істейді. Ал екінші қабатта әкімшілік бөлім, асхана, ашық аспан астындағы демалыс алаңы және бірінші қабаттағы оранжереяларды жоғарыдан тамашалауға мүмкіндік беретін шолу көпірі салынады. Ғимараттың салу үшін 300-ге жуық адам жұмыспен қамтылған.

рылған. Заманауи үлгіні ұштастырған киіз үйлер де лагерьдің ерекше келбетін айқындай түспек. Ал ашық аспан астындағы амфитеатр мен ойын алаңдары балалардың шығармашылық қабілетін шыңдайды, – дейді Еламан Тұрсын.

Сырдария жағалауындағы Президент саябағы бүгінде демалыс аймағы ғана емес, жаңа шаһардың жарқын болашағы қаланып жатқан нағыз жасампаздық алаңына айналды. Биік мұнаралы қрандар мен қайнаған жұмыс ортасынан бұл маңның жақын арада адам танымастай өзгеретінін байқауға болады. Айта кетейік, Сырдария өзені арқылы Президенттік саябақ пен Астана шағын ауданын байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірін салу жоспарда бар. Қазір лагерьдің негізгі құрылысы аяқталған. Әрлеу, абаттандыру, тазалау жұмыстары жүріп жатыр, сондай-ақ жиназдар орналастырылууда. Мердігер мекеме өкілінің сөзінше демалыс орталығы «Халықаралық балаларды қорғау күні» қарсаңында пайдалануға беріледі деп жоспарланған.

Думан КЕҢШІЛІК



Екінші дүниежүзілік соғыс медицина саласының дамуына айтарлықтай үлес қосты. Қан майдан шебінде жауынгерлермен қатар қиындыққа төзіп, Отан үшін отқа түскен ақ халаттылардың еңбегін жоққа шығаруға әсте болмас. Медицина қызметкерлері соғыс кезінде өз өмірлерін қатерге тіге отырып, қаншама жаралы солдаттарды аман алып қалды. Деректер бойынша Ұлы Отан соғысында 200 мың дәрігер, 1,5 миллионға жуық орта буын медицина қызметкері жаралыларға көмек көрсетті.

Майдандағы медбикелерді әскер құрамындағылар періштелер деп атаған. Жауынгерлермен бірге от кешкен мейірбикелердің ішінде қазақ даласынан шыққан қыздар да бар еді. Бүкіл дүниежүзілік Қызыл Крест ұйымы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен ерлігі үшін медбикелерді өздерінің «Флоренс Найтингейл» медалімен марапат-

МАЙДАНДАҒЫ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

таған. Бұл жоғары награда дүниежүзінде 1309 медбикеге тапсырылса, оның 26-сы екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Кеңес Одағының медбикесі екен. Соның ішінде 5 қазақстандық медицина маманы бар.

Майдан алаңынан ауыр жараланған 480 қызыл әскер мен офицерді алып шыққан медбике, көкшетаулық Мария Смирнова Құхарскаяның ерлігін ұмыту мүмкін емес. 1921 жылы Одесса маңында дүниеге келген ол мектеп бітірісімен майданға аттанады. Ол талай жанталас сәттерді басынан өткерген. Тіпті ұрыстардың бірінде медбикенің өзі де жараланып, госпитальға түседі. Болашақ жарын майданда жолықтырып, жолдасымен 46 жыл ғұмыр кешеді. Жеңістен кейін ол Көкшетау қаласында өз ісін жалғастырып, отыз жылға жуық табанды еңбек етеді.

Лейтенант Рэзия Ысқақова – «Флоренс Найтингейл» медалінің қазақстандық екінші иегері. Шымкент қаласындағы медициналық училищені бітіріп, фельдшер мамандығын алғаннан кейін, өзі сұранып, 1941 жылдың қазан айында әскери фельдшер болып соғысқа аттанды. Он тоғыз жасында майдан алаңына тап болған ол Бірінші Украина майданында генерал-полковник П.Рыбалко қолбасшылық еткен атакты бригадасына қарасты, 55 танк бригадасында қызмет етеді. Антонина Яковқызы Дмитриева (Глубина) – «Флоренс Найтингейл» медалінің қазақстандық үшінші иегері. Санитарлық инструкторлардың курсы бітірген ол 1942 жылдың желтоқсанында майданға аттанған. Соғыстың алғашқы шебінде мотто атқыштар батальонында санитаринструктор болған. Ол жауынгерлерге көмек көрсете

жүріп өзі де екі рет жараланған.

Қансырап жатқан жауынгерлерге қаның құюға рұқсат берген мейірбикенің бірі, жоғарыда аталған марапаттың төртінші иесі – Вера Широкая-Руденко. Ол майданға аттанғанда он сегіз жасқа да толмаған еді. Оның майдандық жолы Новоросийск, Батайск арқылы жаяу әскер полкінің 8 армиясының әскери фельдшері, кейін медицина қызметінің кіші лейтенанты болды.

Медицина саласының ең үздік марапатының қазақстандық бесінші иегері – Анна Михайлықызы Дмитриенко. Өрімді кыз соғысқа аттанғанда 18-де еді. Мәскеу, Ленинград, Старая Русса қалаларын қорғау ұрыстарында қаншама жауынгерлерге жәрдем беріп, аяққа тұрғызған. Майданда жараланғанына қарамастан тұрақты түрде қан тапсырып, донор болады. Кеңес үкіметі фашистерді жеңгеннен кейін 25 жыл туберкулезге қарсы күрес диспансерінде медбике болып қызмет етеді.

Қырмыз СЕРІҚБАЕВА,
№4 қалалық емханының
мейірбикесі

Ғалымжан ЖҰМАБАЕВ, ҚР Қорғаныс министрлігі, Тәрбие және идеологиялық жұмыс департаментінің аға офицері, полковник:

ОТАН ҚОРҒАУ ТЕК ӘСКЕРИ МІНДЕТ ЕМЕС, ӘР АЗАМАТТЫҢ ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫ

– Қазіргі таңда әскердегі тәрбие мен идеологиялық жұмыс қалай жүргізіледі?

– Бүгінгі таңда еліміздің қарулы күштеріндегі тәрбие және идеологиялық жұмыстың мақсаты – әскери қызметшілердің бағытталған патриоттық сезім мен Отанға адал қызмет етуіді насихаттау. Бұл маңызды бағыт Мемлекет басшысының 2025 жылғы қарашадағы №1081 Жарлығымен бекітілген «Адал азамат» кандидатымен үндесіп, әскери борышты мінсіз атқарудың жаңа өлшемі айқындалды. Қазіргі уақытта әскердегі мемлекеттік саясат «Біртұтас ел – Біртұтас жер» тұжырымдамасы аясында іске асырылууда.

«Біртұтас ел» ұғымы халқымыздың сан ғасырлық тарихы мен мәдениетіне, салт-дәстүрі мен ана тіліне деген құрметті білдіреді. Егемендігіміздің сенімді қалқанына айналған әскери қызметшілер осы қағидаға сүйене отырып, конституциялық құрылысты қорғауға және кез келген сын-қатерлерге төтеп беруге әрдайым дайын. Ал «Біртұтас жер» қағидаты ата-баба аманатына адал болып, мемлекеттің тұтастығын көздің қарашындай сақтау – қасиетті борышымыз. Қазіргі идеологиялық жұмыс тек тәрбие мен шектелмей, әскери қызметшінің тұлғалық қасиетін, моральдық төзімділігін және адалдық мәдениетін кешенді түрде дамытуға көздейді. Бұл орайда әскери тәртіпті нығайту мен ұжымдағы ауызбіршілікті арттыру басты басымдыққа ие. Осылайша, «Адал азамат» құндылықтары мен «Біртұтас ел – Біртұтас жер» идеясы біртұтас идеологиялық іргетасқа айналып, рухы биік, тәртіпті темірдей берік және ел мүддесіне адал жауынгерлер шоғырын қалыптастыруға қызмет етіп келеді.

– Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруде Қорғаныс министрлігі қандай бағыттарға басымдық беріп отыр?

– Министрлікте осы мақсатта 2030 жылға дейінгі әскери-патриоттық тәрбие тұжырымдамасы қабылданып, ол уақыт талабына және қазіргі жастардың сұранысына сәйкес 2025 жылы жаңартылып, толықтырылды. Жаңартылған тұжырымдамада жастардың бойында отансүйіштігі, жауапкершілік, азаматтық белсенділік және әскери қызметке саналы көзқарас қалыптастыруға назар аударылған. Бұл тек білім беру немесе насихат жұмысы емес, жас буынды ел қорғанысына дайын, тәртіпті әрі рухы мықты азамат ретінде тәрбиелеуге бағытталған кешенді жүйе.

2025 жылы әскери-патриоттық жұмыс саласындағы заңнамаларға енгізілген өзгерістер де осы бағытты күшейте түсті. Атап айтқанда, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың функциялары нақтыланып, олардың жастар тәрбиесіндегі жауапкершілігі кеңейтілді. Бұл әскери-патриоттық жұмыстың тек Қорғаныс министрлігінің ғана емес, бүкіл мемлекеттік жүйенің ортақ міндетіне айналғанын көрсетеді. Сонымен қатар заңнама деңгейінде «Жас айбын» және «Жас сарбаз» деген жаңа ұғымдар енгізіліп, олар жастарды әскери-патриоттық қозғалыстарға кеңінен тартудың институционалды негізіне айналды. Бұл бастамалар жасөспірімдер мен жастардың әскери ортаға ерте бейімделуіне, тәртіп пен жауапкершілік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жұмысты

Басы 1-бетте



үйлестіру мақсатында республикалық және аумақтық үйлестіру кеңестері құрылды. Бұл кеңес барлық өңірлерде әскери-патриоттық жұмыстың бірыңғай тәсілмен жүргізілуін қамтамасыз етіп, мектептер, колледждер, әскери бөлімдер және қоғамдық ұйымдардың өзара байланысын нығайтады.

– «Жас сарбаз» қозғалысы туралы не айтасыз?

– «Жас сарбаз» қозғалысы – Қорғаныс министрлігі жүзеге асырып отырған әскери-патриоттық тәрбиенің маңызды бағыттарының бірі. Бұл жоба министрліктің жалпы тәрбие және идеологиялық жұмысының ажырамас бөлігі. «Жас сарбаз» арқылы мектеп оқушылары мен жасөспірімдер арасында ұлттық құндылықтар, патриоттық сана, тәртіп пен жауапкершілік кеңінен насихатталыды.

– Жас буынның бойында патриоттық сезімді қалай қалыптастырамыз?

– Отан қорғау тек қару алып, шекараны күзету ғана емес, бұл ел дамуына үлес қосу, заңды қорғауға қатысу, алдындағы жауапкершілікті сезіну және өз ісіне адал болу. Жастар Отанды қорғау ең алдымен күнделікті іс-әрекеттерден басталатынын түсінуі тиіс. Білім алу, адал еңбек ету, тәртіп сақтау, қоршаған ортаға және қоғамға жанашырлықпен қарау – мұның барлығы Отанға қызмет етудің нақты көрінісі. Отан қорғау тек әскери міндет емес, бұл әр азаматтың өмірлік ұстанымы. Осындай түсінік қалыптасқан жағдайда ғана біз елін сүйейтін, жауапты әрі саналы ұрпақ тәрбиелей аламыз.

– Әскери қызметкер бойында қандай қасиет болуы тиіс?

– Әскери қызметкер – ел тағдырына жауапты азамат. Әскери қызметкердің басты ұстанымы – адал қызмет ету, Отанды сүю. Адалдық – әскери қызметтің негізі, ал Отанға деген сүйіспеншілік – оның ішкі азамат ретінде тәрбиелеуге бағытталған кешенді жүйе. 2025 жылы әскери-патриоттық жұмыс саласындағы заңнамаларға енгізілген өзгерістер де осы бағытты күшейте түсті. Атап айтқанда, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың функциялары нақтыланып, олардың жастар тәрбиесіндегі жауапкершілігі кеңейтілді. Бұл әскери-патриоттық жұмыстың тек Қорғаныс министрлігінің ғана емес, бүкіл мемлекеттік жүйенің ортақ міндетіне айналғанын көрсетеді. Сонымен қатар заңнама деңгейінде «Жас айбын» және «Жас сарбаз» деген жаңа ұғымдар енгізіліп, олар жастарды әскери-патриоттық қозғалыстарға кеңінен тартудың институционалды негізіне айналды. Бұл бастамалар жасөспірімдер мен жастардың әскери ортаға ерте бейімделуіне, тәртіп пен жауапкершілік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жұмысты

Басы 1-бетте

күндері, «Ерлік сабақтары» сияқты тәрбиелік мәні бар іс-шаралар өткізіледі. Іс-шараларға Қарулы Күштердің ардагерлері мен үздік әскери қызметшілер шақырылып, өз тәжірибелерін бөліседі. Бұдан бөлек, әскери бөлімдер жанынан құрылған әскери-патриоттық клубтар бар. Бұл клубтарда жастар алғашқы әскери дағдыларды меңгеріп, түрлі әскери-спорттық жарыстар мен сайыстарға қатысады. Бұл жұмыстар жасөспірімдердің әскери мамандықтарға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың Отанға деген сүйіспеншілігін нығайтуға, ел қорғауға дайын азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

– Мектептердегі әскери-патриоттық іс-шаралар оқушылардың тәртіпін мен жауапкершілігін есеп ете ме?

– Мұндай іс-шаралар арқылы оқушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, бір-біріне қолдау көрсетуді және ортақ мақсатқа жету үшін тәртіп сақтаудың маңызын тәжірибе жүзінде түсінеді. Әскери-патриоттық тәрбие жас буынды табандылыққа тәрбиелейді. Осы мақсатта Қорғаныс министрлігі Оқу-ағарту министрлігімен бірге жұмыс істейміз. Атап айтқанда, мектептердегі әскери-патриоттық тәрбиенің негізгі бағыты болып табылатын «Алғашқы әскери дайындық» пәнінің оқу бағдарламасы мен оқулықтары жаңартылып, қазіргі заман талаптарына сай жетілдірілуде.

– Әскери саланы таңдағысы келетін жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Ел қорғаны болу – әрбір жас азамат үшін үлкен абырой әрі жауапты таңдау. Сондықтан ең алдымен жастар білім алуға, өз ой-өрісін кеңейтуге және кәсіби қабілетін дамытуға басымдық бергені дұрыс. Қазіргі заманғы әскер тек күшке ғана емес, терең білім мен заманауи ойлау қабілетіне де сүйенеді. Сонымен қатар дене дайындығын жүйелі түрде жетілдіру маңызды. Төзімділік, шыдамдылық және физикалық дайындық – әскери қызметтің ажырамас бөлігі, сондықтан спортпен айналысу және салауатты өмір салтын ұстау әрбір жас үшін негізгі талаптардың бірі болуы тиіс. Ең бастысы, тәртіп пен жауапкершілік. Әскери қызметке баруға ниеттенген жас өз өмірінде де, оқуында да, болашақ кәсіби жолында да тәртіпті болуға, уәдеге берік және жауапкершілігі жоғары азамат ретінде қалыптасуға ұмтылуы қажет. Отанға адал қызмет ету, елдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына үлес қосу азаматтық парыз және үлкен абырой. Осы құндылықтарды бойына сіңірген әрбір жас ертенгі ел қорғаны, мемлекеттің тірегі және қоғамның сенімді азаматы болады.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
София ХАЙРУЛЛА

ЖАДЫҢДА ТҰТ, ЖАРЫҚ КҮН!

БІР СУРЕТТІҢ ТАРИХЫ

КҮТУМЕН ӨТКЕН ҒҰМЫР

Талай тарихты таспалап кеткен фототілімі Болат Омаралиев ағаның әр фотосуреті тарихтан сыр шертеді, сөйлесен сөйлейді. Жәніс күні қарсаңында оның осы туындысы талай БАҚ беттерінде жарияланып та жүр. Соғыс салған жарықат кейуаның мұн шалған жүзіне байқалады. Бұл фотосуреттің өз тарихы бар. Мұны кезінде сурет авторы «Facebook» әлеуметтік желісіндегі парақшасына жазып қалдырған екен. Жәністің 81-ші көктемінде суретпен қоса тарихын да жариялағанды жөн көрдік...



«Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, «Шіркейлі» ауылында жүзге келген ана Қалампыр Әлімбетованы 1985 жылы арнайы іздеп бардым. Кейуана соғысқа кетіп, ерлікпен қаза тапқан қос ұлы Кенбай мен Сейдахмет Шамахановтарды қырық жылдан бері келеді деп күтіп отыр.

Ерлікпен қаза тапқан бір баласының «Отан соғысы» орденін алақанына салып, күбірлеп сөйлеп отырады да қояды. Бірақ жыламайды. Себебі жылай-жылай көз жасы сарқылған. Ақыл-есі дұрыс. Сол Қалампыр шешемізді екі күн бойы суретке түсірдім. Айтайын дегенім, әдепкіде суретке түсуге көнбеді. Мен оны алдауға мәжбүр болдым:

– Әже, балаларыңыз тірі. Балаларыңыз бізге анамың суретін салсын деп хат жазды, – дедім. Жасы жүзге келген қарияны алдағаным әлі өкінемін. Екі күн түсіргенімде 100 сурет түсіріліпті. Оның 98-і жарамсыз болып шықты. Тек осы екі сурет қана жарамды болды. Суретке түсіргеннен 20 күннен кейін Қалампыр әжей балаларын іздеп о дүниеге аттанып кетіпті.

(10 сәуір, 2015 жыл).

өте секіріп түсіп қалады. Осылайша, ол үш рет қашып кеткен.

Әкем жасында палуан болған, қарулы адам еді, бір-бір жарым жылдай қашып-пысып күн көрген. Мен екіге толған кезде (1942 жылы) әжем Шамахан дүние салып, ауылдағы үлкендікішілі бір қауым ағайын ақ жауып, арулап қояды. Бейіт басына келіп, бір уыс топырақ салған ұлы Балшын: «Мен сөзімде тұрдым. Енді майданға аттанамын», – депті дейді көзқорғандар. Ата салтымыздан келе жатқан наным-сенімге сәйкес бір уыс топырақ алып, үйге келеді. Шешеме үшбұрышты тұмар тіктіріп, оны мойнына тағып алады.

Осы істі бітірген соң шешеме: «Жұрттан менің жаным артық емес, киімдерімді дайында. Мына балаңды бақ. Келсем келермін, келмесем жат жерде қалармын. Соғысқа ағаларым да, інілерім де кетті. Солардан жаным артық емес» деп, мені мықтап тапсырады. Мылтығын өткізіп, туыс інісі Жарасбайға: «Енді мені ұстап бере бер, соғысқа өз еркімнен кетем», – деп хабар береді. Ол кезде милиция әкемнен қорқады екен. Әкемің қаруы бар, далада жүрген аныш, мерген адам ғой. Бірер күннен соң үйге бір топ «қызыл жағалы» келеді. Жүрегі дауаламай сыртта үрейленіп жүр дейді.



**БІР УЫС
ТОПЫРАҚ
НЕМЕСЕ
БАЛШЫННЫҢ
ТАҒДЫРЫ**

Осыдан екі жыл бұрын Қызылорда қаласында тұратын Жылқыбай қарт айып батальонында болып, кінәсін қанмен жуған әкесінің жауынгерлік жолын тебірене айтты бергенді.

– Әкем Балшын Рысбаев 1899 жылы Қармақшы ауданының қазіргі Тұрмағамбет ауылында (сол кезде Ленин совхозы) дүниеге келген. Атадан жеті ағайынды, алты ұл, бір қыз. Халыққа нәубет әкелген 1937-нің зобаланында алты ұлдың кеңжесіне нақаттан жала жабылып, 25 жылға Сібірге айдалыпты. Талайларды ажал құштырған алапат соғыс басталғанда атам Рысбайдың бес ұлына бір күнде әскери комиссариаттан шақыру келіпті.

– Сол кезде Шамахан әжем төсек тартып жатыр екен. «Ұлдарымнан біреуінен де бір уыс топырақ та бұйырмайтын болды-ау» деп дауыс шығарып жылапты. Сол кезде Балшын әкем: «Апа, сізге топырақ салмайынша мен ешқайда кетпеймін», – дейді.

Адам Алланың берген өлшеулі ғұмырын сүреді, әркім өмірде өз соқпағымен жүреді деген сөз екен. Бүкіл елге ұлаң әкелген сұм соғыстың алдында, 1940 жылы дүниеге келіпін, өмірімнің көбі Қармақшы өңірінде өтті. Балалық шақ сұм соғыспен тура келді. Жастау күнімде қолхозда түрлі жұмыс істедім. Есейе келе шопан таяғын қолға алдым. Аталарымның ізі қалған Қызылдың қиясында бірталай өмірім мал соңында өтті. Содан болар, ондағы жер-су атаулары көкірегімде сайрап тұр. Білген адамға Қызылдың қиясында да талай тарих ізі жатыр. Қазір көзден қалып, үйде отырған жайым бар. Бұрын қазаққа сөз ұстару дәстүрі болған ғой, қазір ол жоғалып барады. Өмірден өткен аталар сөзі, ғибратты әңгіме айту тоқтады, ондай әңгімені тыңдайтын құлақ та жоқ. Мен әкемнен естігенімді айтамын, егер артық-кемі болса айып етпессіздер. Ол «Мен айтайын» деп бастайтын әр сөзім, мен де сөйттейін, – деп тоқтады қарт.

Атам Рысбайдың 6 баласы болды дедім. Соғыс басталғанда әкемінің жасы ұлғайып қалған кез екен. Алты бірдей ұрпағын соғысқа алып бара жатқанда: «Балаларымның біреуінен де топырақ бұйырмайтын болды-ау, Аллаһ-ай!» деп аңырап жылапты. Кетіп бара жатқан әкем ұрылып қайтып келіп: «Апа, жылама, мен сені көмбей неміс тап осы күні келіп алатын болса да соғысқа бармаймын!» – деп серт беріпті.

Содан бәрін қызыл вагонға мінгізіп, Қармақшының стансасынан батысқа жөнелтеді. Жиенбай баласы Рүстембек жырау жырылайтын Жосалының вокзалы ғой. Әкем Төретам стансасынан өте бере эшаланнан секіріп түсіп қалыпты, қашқаны ғой. Біреудің қолында болып, сол үйде жасырынды тұра береді. Ара-тұра түн жамылып ауылға келіп кетеді екен.

Кейін Жетісардың сай-саласындағы қалының арасында, өзектің бойында тығылып күн көрген ғой, шамасы. Бір жолы ауылға келгенде белсенділер ұстап алады. Рулас Жарасбай деген кісі де белсенді болыпты. Ол байғұсты да «ағанды ұстап бермедің» деп қысқан болар. Екінші рет қызыл вагонға мінгізіп жіберсе тағы Төретамнан

ШЫМЫЛДЫҚ

Жылы жүзді кітапханашы апаймен көшеде кездесіп кездестім. Үлкен әкелері шыққан топырақта туған қарияның дүниеден озғанын айтып, сирек тағдырлы жанның өмір тарихын тарқатты. Сонан соң біразға дейін үнсіз қалды. Әңгімені біраз жыл бұрын естігенмін. Айтса, аңызға бергісіз екен. Көңіл толқытқан бұл оқиғаны қағаз бетіне сол сәтте түсірудің сәті түспеді. Арада 5 жыл өткенде тақырыпқа қайта оралуды парыз санадым. Себебі санамда күтуден өткен ғажап ғұмыр жатталып қалыпты. Оның ғажаптығы сүйгенін сарыла күтудің ғана емес еді...

Дүниеден озған кейуаның жасы сексен алтыда екен. Алдымен оның прозашы Шерағанның «41-жылғы келіншегімен» тағдырлас болуы қайран етті. Ш.Мұртазаның сол әңгімесін оқушы күнімде оқыған бойда көкейде жатталып қалған-ды. Күйеуі соғыста шейіт болған кейіпкердің күні кешеге дейін ортамызда жүргенін «Айқын» газетінен оқыдым. Мұқым ауыл құрмет тұтқан кейуана 2009 жылы пәніден озды. Елімізде онымен тағдырлас жандар жоқ емес, бар. Қайран қалдырғаны, текті әжейдің атық демі үзілер шақтағы соңғы сөз еді. Соның есімінен шықпай-ақ қойғаны. ...Тосыннан соғыс өрті тұтанып, дүниенің астан-кестені шықты. Жары жалын-оттың ішіне кете барғанда бұл 18-де еді. Көп ұзамай майданнан үшбу хат орнына «қара қағаз» келді. Сенбеді. Үлкен үмітпен күткен Жәніс көктемде де жетті, бірақ қосағы келмеді.

Аттанарда қызарып батып бара жатқан күнге қарап: «Қайтып ораламын, күт!» деп сыбыр еткен. Жаулығы желбіреп, талай рет төбеге шығып, жолын тосты. Ораламады. Заңғар сөзім сонда да бір басымды. Жылдар зырғып өтіп жатты. Жалын жастық пен қарттық арасын үміт жалғанды.

Бі р күні қызыл әскерлер бір деревняны алады. Ертеніне немістер қарсы шабуыл жасап, әлгі деревняны басып алады. «Сонда ұрысқа кіргенімді білем, бірдеңе дүре ете қалды, одан кейінгісін білмеймін. Есімді жисам, үстімді топырақ басып тастапты, жалма жан арши басталдым. Қарасам, бір аяғымда жан жоқ, әйтеуір теріге ілініп ғана тұр. Содан обмоткамен танып, шинелімді жырттып, байлап тастадым. Деревняны жақын, екі аралық – 100 қадамдай жер. Тас қаранғыда көшеде еңбектеп келе жатсам бір есіктің астынан жарық түсіп тұр. Есікке сүйрегіліп жетіп, қақтым. Ішінен бір орыс әйел шығып, бірден маңдайымды сипады.

Маңдайымда пилоткада «қара бес жұлдыз» ғой, бірақ қарсы білінебейді, содан ішке кіргізіп алды. Аяқты әдемілеп жуып, таңып, картоп сақтайтын подвалына түсірді. Ертеніне қайтадан қырғын соғыс болды. Таң алдында «уралаған» дауыс шыққанда мені подвалдан әзер дегенде шығарды. Санитарканы шақырып, носилкаға салып, далалық госпитальға апарды. «Жаракаты ауыр, аяқ жарамайды» деп, бірден Мәскеуге жіберді. Ондағы дәрігер «аяғыңды кесеміз» десе, «көспейсің, осылай жазылады» деп қасарысып тұрып алыпты. Бірбеткейлігінің арқасында аяғы бүтін қалған. Соғысқа жарамағанымен, кейінгі 7-8 жыл зауытта жұмыс істеген. Әйтеуір, бас-аяғы 10 жыл дегенде келеді.

Осылайша, жесірлікпен жетпіс жыл өтті. Соғыс сызы әлдеқашан естен шықса да үміті үзілген емес.

Кейуана соңғы демі шығарда бір-ақ сөз айтты деседі. Әсіет емес, жалқы сөз ғана...

Сонау бір шақта, сағынышпен өрілген ғұмырының басында ма еді, ерімен үш-ақ күн жұпты өмір сүрді. Жар қызығын үш күн көрді. Саран тағдыр шаттық шуағын небәрі үш тәулік қана төгіпті-ау?! Ал келесі күні есіл ерді қан майданға алып кете барды. Бұл бар ғұмырын сарыла күтуден, сартап болған сағыныш түтесілгенше тосудан өткізді.

Қазақ – жетімі мен жесірін жылатпаған, дініне берік, салтына мықты халық. Жесір жеңгесіне жақын қайынысы ұлын қиды. Аялап өтті. Жалғыз ол ғана емес, ауылдағы ағайын да айрықша құрмет тұтты. Бұл болса шаңырақтың отын өшірмей қарайып отыра берді.

Б.Омаралиевтің фото архивінен

Өмір шіркін, шектеулі екен. Опасыз жалғанмен қолтасар сөз те туды. Кейуана күбір етті де бұйрықты тағдырға риза кейіппен күлімсіреген күйі жүре берді. Соңғы сөз әуеде қалықтап тұрып қалды: «Шымылдық!»

Ақырғы мезетте жарқын ғұмырына өзек болған қас-қағым қуанышы – асыл жарының ақ шымылдыкқа алғаш енген ең аяулы сәті елестеген болар, сіре?

Сонау торғын шымылдықта толған айдай толысып отырған сағым шағы ше... Ауылдағы ағайынның «Шаңыраққа келіп түсті!» деп шаттанғаны, балақайлардың алақайлап сүйіншілегені, құдай қосқан қосағына наздана қарағаны, бауырына қысқан ғажайып сәті еске түскен болар, бәлкім...

Бәлкім, сол мезет екі дүниені бөліп тұрған, арғы дүниеден ортадағы шындық шымылдықты түрілген шығар. Кім білсін, не болғанда да бұл сүйіспеншілік сынынан сағы сынбай өтті. Бұл – сирекке берілетін сынақ. Хақ шебер қашан да әділ. Демек, тұтас ғұмырын күтуден пендесіне Жасаған иенің тартқан сыйы осы болар: «Сүйген жары оралды!»

Сөз соңы: Содан беріде қаншама кетіп өтті. Әйтсе де, сұм соғыс туралы шындықтың жазылып бітпегені сияқты, сол аласапыранның алапат қасіреті де әлі айтылып біткен жоқ әлі.

Өзімен

бірге бір тар

келіншек

алып келді, аты –

Валя болатын. Тұтан

жерге алып-ұшып келсе,

бізді таппайды. Ол кезде

анам екеуіміз Жалағаштағы

«Аламесек» ауылындағы жерде

түп нағашымызды паналап тұрып

жатқан кезіміз. (Шамахан әжемің

төркіні), Анам екеуіміз жетімбіз ғой, сонда

барып күн көрдік. Әкем бізбен сол жерде

табысты. Еріп келген татар келіншек ауылда

көп тұрмады. Бірде әкеме «Мен еліме қайтам»,

– дейді. «Неге қайтасың?» – деп сұрайды әкем.

«Менен жас әйелің, балаң бар екен. Мына баланы

жылатпаймын», – дейді.

Ол кезде оң мен солын ажыратып үлгермеген

бала болсам да осы әңгіме есімде жақсы

сақталып қалыпты. Әлгі кісінің Ресейде қалған

бір қызы, бір баласы бар екен, ақыры қайтып

кетті. Бірақ есікабат кетіпті. Кейін бір хат келді.

Хатқа баланың қолын сурет етіп салып, ішіне

«Балшын» деп жазыпты.

«Аман-сау босандым, сенің атыңды

ұмытпайын деп балама Балшын деп ат қойдым»,

– депті. Содан хабар жоқ, кетті ғой, Ресейде

бір қазақтың қалғанын білемін, өлі-тірісінен

хабарым жоқ. Бұл да тағдыр шығар...

Әкемің дәм-тұзы 72 жасқа қараған шағында

түтесілді. Бұл – 1971 жыл. Салт жөнімен

арулап, ата-баба бейітіне жерледік. Бағдыра

қазақтың батырлары жорыққа шыққанда

туған жердің бір уыс топырағын

өздерімен бірге ала кетеді екен.

Әкем сол дәстүрді білген деп

ойлаймын. Қазақ үшін туған

жер қашан да қасиетті. Бәлкім,

қиян-кескі ұрыстарда оны

ажал оғынан атамекеннің

бір уыс топырағы сақтаған

шығар. Кім білсін!?

Алтын АЛМАС

Газеттің келесі саны 13 мамыр, сәрсенбі күні шығады.

Меншік иесі:

**СЫР
МЕДИА**

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас редактор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас директор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)

Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат

комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу нөмірі 167657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ІСО 9001-2016 (ІСО 9001:2015) «Сапа менеджменті

жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптасына 2 рет, сәрсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі,

деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі

ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,

беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік

басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында

басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына

хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3858 Тапсырыс №775

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА